

Автодүкендерде және (немесе) шатырларда көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 22 қарашадағы № 3217 қаулысы. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 қарашада № 3-1-145 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 07 қазандағы № 2801 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 07.10.2013 № 2801 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 27 бабына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласының аумағында сауда қызметі субъектілеріне автодүкендерде және (немесе) шатырларда көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.С. Байжомартовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі *А.Мұхамбетов*
А қ т ө б е қ а л а ә к і м д і г і н і н
2 0 1 0 ж . 2 2 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 3 2 1 7 қ а у л ы с ы н а
ҚОСЫМША

Ақтөбе қаласы аумағында автодүкендерде және (немесе) шатырларда көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар тізбесі

№	Атауы	Орналасқан жері
1	Коммуналдық шағын – базар	Бейбітшілік даңғ., 15 «В»
2	Коммуналдық шағын – базар	Чекалин көш.,32
3	Коммуналдық шағын – базар	12 ықшам аудан, 58

4	Коммуналдық шағын – базар	Гастелло көш., 18
5	Коммуналдық шағын – базар	Авиақалашық, 13
6	Коммуналдық шағын – базар	Ағ. Жұбановтар көш., 296
7	Коммуналдық шағын – базар	Кереев көш., 2
8	Коммуналдық шағын – базар	Есет батыр көш., 109 «А»
9	Коммуналдық шағын – базар	Қарғалы ауылы
10	«Табыс» коммуналдық базары	Сәңкібай батыр даңғ., 24 «Н»

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК